

**Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу
құқығы бар тұлғалар үшін**

Жабық кезең туралы хабарлама

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның (бұдан әрі – Қоғам) инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқықтарын шектеу және инсайдерлердің мұндай ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігін болдырмау мақсатында қабылданған «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ішкі бақылау қағидаларына және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның бағалы қағаздармен мәмілелер жасау жөніндегі саясатына сәйкес, Қоғамда басқарушылық функцияларды жүзеге асыратын тұлғаларға және олардың байланысты тұлғаларына, Қоғам қызметкерлеріне, сондай-ақ Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын өзге де тұлғаларға **жабық кезең ішінде Қоғамның бағалы қағаздарымен мәмілелер жасауға тыйым салынады.**

Осыған байланысты, жабық кезеңнің басталу күні 2025 жылғы 31 желтоқсаннан бастап белгіленетіні туралы хабарлаймыз.

Жабық кезеңнің аяқталу күні туралы ақпарат қосымша хабарланатын болады.

**«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ
Комплаенс қызметі**